

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгер Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 тамыздағы N 2416 Жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. 1995 жылғы 9 наурызда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгер Республикасының Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы Келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Венгрия Республикасы Үкіметінің арасындағы
әуе қ а т ы н а с т а р ы т у р а л ы

КЕЛІСІМ

(Келісім 1995 жылғы 6 қазаннан бастап күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2003 ж., N 11, 80-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Венгрия Республикасының Үкіметі, бұдан әрі "Келісуші Жақтар" деп аталады,

1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияның қатысушылары ретінде,

ескертілген Конвенцияға қосымша ретінде олардың мемлекеттерінің тиісті аумақтарында және олардан тысқары жерлерде жүйеленген әуе қатынасын орнату мақсатында Келісім жасауды қалай отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Айқындамалар

Егер контекстен басқа мән туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

а) " **Конвенция** " атауы - Конвенцияның 90-бабына сәйкес кез келген Қосымша мен Конвенцияның 90 және 94-баптарына сәйкес Конвенцияға немесе Қосымшаға екі Келісуші Жақпен қабылданған немесе бекітілген кез келген өзгертулерді өзіне қосып алған және 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияны білдіреді;

б) " **авиациялық билік орындары** " атауы - Қазақстан Республикасының Үкіметіне қатысты - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігін, және Венгрия Республикасының Үкіметіне қатысты - Венгрия Республикасының Көлік, байланыс және су шаруашылығы министрлігі немесе қазіргі кезде аталмыш органдардың міндеттерін орындауға уәкілденген кез келген тұлғаны немесе ұйымды білдіреді ;

с) " **тағайындалған авиакәсіпорын** " атауы - осы Келісімнің 3-бабына сәйкес тағайындалған және уәкілденген авиакәсіпорнын білдіреді;

д) " **тарифтер** " атауы - жолаушыларды, багажды және жүкті тасымалдау үшін және агенттік қызметтер үшін немесе көлік құжаттарын сатқаны үшін комиссиялық алымдар мен басқа қосымша төлемдерді қосып есептегенде осы бағалар қолданылатын кездегі жағдайлар үшін төленетін бағаларды білдіреді, бірақ бұған пошта арқылы тасымалдау жағдайлары мен төлемдері кірмейді;

е) " **Келісім** " атауы - осы Келісімді, оның Қосымшасын және Келісімге немесе Қосымшаға кез келген түзетулерді білдіреді;

ф) " **жүйеленген әуе қатынастарының мақсаттарымен аялдама жасау** " атауы - жолаушылардың, багаждың, жүктердің және/немесе поштаның авиатасымалдауларының барысындағы тиеу немесе түсіруден басқа кез келген мақсаттағы қоныс жасауды білдіреді;

г) " **алымдар ставкалары** " атауы - әуежайдың, аэронавигациялық құралдардың берілгендігі үшін және авиациялық қауіпсіздік пен басқа да қызметтер үшін авиакәсіпорындардан алынатын алымдарды білдіреді.

2 - б а п

Тасымалдау құқықтарының берілуі

1. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жаққа оның жүйеленген халықаралық әуе жолдарына қатысты мынадай құқықтар береді:

а) олардың мемлекеттерінің аумақтары арқылы қонбастан ұшып өту құқығын;

б) осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген пункттерде әуе қатынасының мақсаттарымен олардың мемлекеттерінің аумақтарында қоныс жасау құқығын;

с) екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағындағы пункттерден шығатын немесе пункттерге баратын жолаушыларды, багажды, жүк пен поштаны осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген жоғарыда аталған аумақтардың пункттерінде тиеу-түсіру құқығын ;

д) осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағындағы пункттерден шығатын немесе пункттерге баратын жолаушыларды, багажды, жүк пен поштаны осы Келісімнің Қосымшасында көрсетілген үшінші елдердің аумақтарындағы пункттерде тиеу-түсіру құқығын.

Қосымшада көрсетілген маршруттар бұдан әрі "белгіленген маршруттар", ал осы маршруттар бойынша халықаралық әуе жолдары "келісілген әуе жолдары" деп аталады.

2. Осы баптың ештемесі бір Келісуші Жақтың авиакәсіпорнының екінші Келісуші Жақтың аумағында жолаушыларды, жүктерді және жалдау жағдайында немесе ақы үшін және екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағындағы пунктке тасымалдау үшін арналған поштаны өзінің бортына алу құқығы беріледі деп қаралатын болмайды.

3 - б а п

Өкілеттіктер

1. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жаққа жазбаша түрде хабарлай отырып, белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану үшін бір авиакәсіпорынды тағайындауға құқық алатын болады.

2. Екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары осындай хабарландыру алу бойынша осы баптың 4 және 5-тармақтарының қағидаларына сәйкес әрбір тағайындалған авиакәсіпорынға ұшу үшін жедел түрде тиісті рұқсаттарды береді.

3. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жаққа жазбаша түрде хабарлай отырып, осындай авиакәсіпорынды тағайындауға қарсы болып, басқасын тағайындауға құқық а л а т ы н б о л а д ы .

4. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиакәсіпорнынан халықаралық әуе жолдарын пайдалану кезінде Конвенцияның қағидаларына сәйкес осы екінші Келісуші Жақпен әдеттегідей және негізді қолданылып жүрген заңдар мен ережелерде қарастырылған шарттарды орындай алатын қабілетінің барлығына дәлел т а л а п е т у і м ү м к і н .

5. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың немесе оның азаматтарының тағайындаған авиакәсіпорны үстінен айрықша иелік билігін жүргізе алатындығына және пәрменді бақылау жасай алатындығына дәлелі жоқ барлық жағдайда, ол авиакәсіпорынға осы баптың 2-тармағында көрсетілген ұшу рұқсатын бермеуге немесе сол екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиакәсіпорыннан осы Келісімнің 2-бабында көрсетілген құқықтарды пайдалану үстінде қажет болады деген әрқилы шарттарды о р ы н д а у ы н т а л а п е т е а л а д ы .

6. Тағайындалған және осылайша рұқсат алған авиакәсіпорын осы Келісімнің 11-бабының қағидаларына сәйкес белгіленген тарифтер күшіне енген кезде ғана келісілген әуе жолдарын пайдалануды кез келген уақытта бастауы мүмкін.

4 - б а п

Берілген құқықтарды жою және уақытша тоқтату

1. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының әуе жолдарын пайдалануға берілген рұқсатын жоюға немесе осы Келісімнің 2-бабында қарастырылған құқықтарды пайдалануын уақытша тоқтатуға, немесе сол құқықтарды пайдалану кезінде қажет болады деген шарттардың орындалуын мына жағдайларда т а л а п е т у г е қ ұ қ ы қ а л а т ы н б о л а д ы :

а) авиакәсіпорынды тағайындаған Келісуші Жақтың немесе оның азаматтарының

қолында осы авиакәсіпорынға айрықша иелігі барлығына немесе пәрменді бақылау жүргізе алатындығына сенбеген барлық жағдайларда;

б) егер осы авиакәсіпорын, өзіне осы құқықтарды берген Келісуші Жақ мемлекетінің заңдары мен ережелерін сақтамаған жағдайда;

с) егер авиакәсіпорын қандай болса да бір себептермен осы Келісімде жазылған талаптарды сақтамаған жағдайда.

2. Егер жедел жою, уақытша тоқтату немесе осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайлардың орындалуын талап ету заңдар мен ережелердің одан әрі бұзылуын болдырмау үшін қажетті болып табылмаса, онда екінші Келісуші Жақпен кеңесулерден кейін ғана осындай құқық пайдаланылатын болады. Егер Келісуші Жақтардың арасында басқа уағдаластық туындамаса, кеңесу жүргізуге сұраныс түскен күннен кейінгі 60 күннің ішінде осындай кеңесулер басталуы тиіс.

5 - б а п

Заңдар мен ережелердің қолданылуы

1. Бір Келісуші Жақ мемлекетінің халықаралық әуе қатынастарын пайдаланушы әуе кемелерінің олардың мемлекетінің аумағына ұшып келуін және ұшып кетуін реттейтін заңдары, ережелері және іс жосықтары екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнына да қолданылатын болады.

2. Бір Келісуші Жақтың мемлекеті өз аумағында жолаушылардың, экипаждың, багаждың, жүктің немесе поштаның келуін, уақытша жүріп-тұруын және кетуін, сонымен бірге шетелдіктердің кіруін, кетуін формальды түрде реттейтін заңдары, ережелері және іс жосықтары, сондай-ақ кедендік ережелері мен санитарлық шаралары сол ескертілген аумақта жүрген кезде екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиакәсіпорнының әуе кемесімен тасымалданатын жолаушыларға, экипажға, багажға, жүкке немесе поштаға қатысты да қолданылатын болады.

3. Келісуші Жақтардың ешқайсысы да осы бапта қарастырылған заңдар мен ережелерді қолдануда өзінің тағайындалған авиакәсіпорнына екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына қатысты артық үстемдік құқық бере алмайды.

6 - б а п

Тасымалдар көлемін реттеу

Келісілген әуе жолдарында орындалатын тасымалдар көлемі мына талаптарға сәйкес болуы тиіс:

1. Келісуші Жақтардың әрбір тағайындалған авиакәсіпорнына белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалануда қолайлы және теңдес жағдайлар жасалатын болады.

2. Әрбір Келісуші Жақ өз заңдарының шеңберінде екінші Келісуші Жақтың авиакәсіпорнының жағдайына қолайсыз әсер ететін төмендету нысандарының немесе әділетсіз бәсекелестікті болдырмау үшін барлық алдын алу шараларын жасайтын болады.

3. Белгіленген маршруттар бойынша келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде осы маршрутты немесе оның бір бөлігін пайдаланатын екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнына зиян келтірмес үшін Келісуші Жақтардың екеуінің тағайындалған авиакәсіпорындары екінші Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнының да мүддесін ескеріп отыруға тиіс.

7 - б а п

Куәліктер мен растау құжаттарды мойындау

1. Келісуші Жақтардың бірінде берілген немесе бар деп танылған ұшу жарамдылығы туралы куәліктер, мамандық куәліктері мен растау құжаттары, олардың пәрменділік мерзімі өтпеген болса, келісілген әуе жолдарын пайдалану кезінде екінші Келісуші Жақпен де пәрменді деп танылады.

2. Дегенмен, өз мемлекеті аумағының үстімен өтетін ұшыстарға қатысты әрбір Келісуші Жақ өз азаматтарына берілген немесе басқа мемлекетпен де пәрменді деп танылған мамандық куәліктері мен растау құжаттарын мойындамауға өз құқығын сақтайды.

8 - б а п

Кедендік баж салығы мен басқа алымдардан босату

1. Халықаралық тасымалдаулар үшін пайдаланылатын әрбір Келісуші Жақтар тағайындаған авиакәсіпорнының әуе кемесі, сондай-ақ олардың табельдік құралдары, сол әуе кемесіне тиелген жанармай және жағармай материалдарының қоры, борттық қорлар (азық-түлік тағамдары, сусындық және темекі заттарын қоса есептегенде дайын болып табылатын бұйымдар) екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағына әкелінгеннен кейін барлық кедендік баж салығынан, инспекциялық және басқадай алымдардан босатылады, әйтсе де кері әкетілген мерзімге дейін құралдар мен қорлар әуе кемесінің бортында қалуға тиісті.

2. Сонымен бірге, көрсетілген қызметтер үшін алымдарды қоспағанда, ондай салықтардан, баждар мен алымдардан мыналар да босатылады:

а) бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында осы Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарымен белгіленген көлемде бортқа алынып, белгіленген маршруттар бойынша ұшуды орындаушы екінші Келісуші Жақтың әуе кемесінің бортында пайдалану үшін қолданылатын борттық қорлар;

б) бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнының белгіленген маршрутта пайдаланатын әуе кемесін тиісті техникалық қызметтен өткізу және жөндеу үшін әкелінген қосалқы бөлшектер;

с) бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында екінші Келісуші Жақ тағайындаған авиация кәсіпорнының, халықаралық ұшуды орындаушы әуе кемесінің тұтынуы үшін берілген жанар және жағармай материалдары, тіпті бұл қорлар бірінші Келісуші Жақ мемлекеті аумағының шеңберінде жатқан маршрут бөлігінде қолданылатын болса да;

д) бір Келісуші Жақтың тағайындалған авиакәсіпорнымен пайдаланылатын қажетті

құжаттары, тасымалдық құжаттар, авианакладнойлары мен жарнама материалдар, сондай-ақ тағайындалған авиакәсіпорнының әуежай аумағында коммерциялық және өндірістік пайдаланыс мақсатында қолданатын автомобильдері мен материалдарын және құрал-жабдықтарын қоса есептегенде, тек бұл материалдар мен құрал-жабдықтар жолаушыларды және жүкті әуежай аумағында тасымалдауды қамтамасыз ететін болуы
т и і с т і .

Осы баптың жоғарыдағы тармақшаларында көрсетілген а), b), c) және d) материалдар талап ету бойынша бақылауға немесе кедендік билік орындарының қадағалануына алынылуы мүмкін.

3. Бір Келісуші Жақтың әуе кемесінің бортындағы табельдік борт жабдықтары, сондай-ақ материалдар мен қорлар екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағына тек осы Келісуші Жақтағы кедендік билік орындарының рұқсатымен ғана түсірілуі мүмкін. Ондай жағдайда олар, кері әкетілгенге дейін немесе кедендік ережелерге сәйкес басқадай қолданыс тапқанға дейін ескертілген билік орындарының, қадағалауында болып жайластырылуы мүмкін.

9 - б а п

Тікелей транзитті тасымалдаулар

1. Бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағы арқылы тікелей транзитпен ұшып баратын және осы мақсат үшін бөлінген әуежайдан ұзамайтын жолаушылар, багаж, жүк және пошта күш көрсету актісіне, әуе қарақшыларына және есірткі заттарын алып өтуге қарсы қауіпсіздік шараларын қолдану қажет болғаннан басқа жағдайларда бақылаудың тек жеңіл түрлерінен өтетін болады.

2. Тікелей транзитпен өтетін багаж бен жүктер кедендік баж салықтары мен басқадай сол сияқты салықтардың салынуынан босатылатын болады.

1 0 - б а п

Авиациялық қауіпсіздік

1. Халықаралық заңдарда айқындалған өздерінің құқылары мен міндеттеріне сәйкес, Келісуші Жақтар бір-біріне қатысты азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне заңсыз араласу актілерінен қорғау міндеттерін мақұлдайды. Халықаралық заңдарда көрсетілген құқылары мен міндеттерінің жалпылама қолданысымен шектеліп қоймай, Келісуші Жақтар, сонымен бірге 1963 жылғы 14 қыркүйекте Токиода қол қойылған әуе кемелерінің бортында жасалатын қылмыстар мен кейбір басқа актілер туралы Конвенцияның, 1970 жылғы 16 желтоқсанда Гаагада қол қойылған әуе кемелерін заңсыз басып алуға тойтарыс беру жөніндегі Конвенцияға және 1971 жылғы 23 қыркүйекте Монреальда қол қойылған Азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы жасалатын заңсыз актілермен күресу туралы Конвенцияға, осы Конвенцияның 1988 жылғы 24 ақпанда Монреальда қол қойылған Халықаралық азаматтық авиация әуежайларындағы заңсыз зорлау актілерімен күресу туралы Қосымша Хаттама қағидаларына сәйкес қимыл-әрекет жасайтын болады.

2. Келісуші Жақтар өтініш бойынша әуе кемелерін заңсыз басып алу актілеріне және әуе кемелерінің, олардың жолаушылары мен экипаждарының, әуежайлар мен әуе-навигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрқилы әрекеттерге жол бермеуде бір-біріне қажетті барлық көмегін көрсетіп отырады.

3. Келісуші Жақтар өзара қарым-қатынасын Халықаралық азаматтық авиацияның Ұйымы орнатқан және Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияға тіркелген Қосымшалардағы авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сәйкес құрулары тиісті, әйтсе де мұндай қауіпсіздіктер жөніндегі ережелер Келісуші Жақтарға қолданымды болулары тиісті. Келісуші Жақтар әуе кемелеріне қызмет атқаратын, қызмет орны мен тұрақты тұрғындары өз аумағында болатын персоналдар мен өз аумағындағы халықаралық әуежайларда қызмет ететін персоналдардан осындай авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерге сай әрекет жасауларын талап ететін болады.

4. Әрбір Келісуші Жақ өздерінің мемлекет аумағының шеңберіне кіру, шығу және тұрақты тұру үшін осы Келісуші Жақтың әуе кемелерінде қызмет етуші персоналдардан осы баптың 3-тармағында ескертілген авиация қауіпсіздігі жөніндегі ережелерді сақтауын екінші Келісуші Жақ талап етуі мүмкін дегенмен келіседі. Әрбір Келісуші Жақ өз мемлекеті аумағының шеңберінде әуе кемелерін қорғау үшін және жолаушыларды, экипажды, қол жүктерін, багажды, жүкті және борттық қорларды отырғызудан немесе тиеуден бұрын, әйтпесе сол отырғызу-тиеу кездерінде тексеру үшін қажетті шаралардың ұтымды қолданылуын қамтамасыз ететін болады. Әрбір Келісуші Жақ нақтылы қатерге байланысты арнайы шара қолдануы туралы екінші Келісуші Жақтың кез келген өтінішін ықыласпен қарап отырады.

5. Әуе кемесін заңсыз басып алуға байланысты немесе әуе кемесінің, ондағы жолаушылар мен экипаждың, әуежайлар мен басқадай аэронавигациялық құрал-аспаптардың қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерге байланысты қақтығыстар немесе қақтығыс қатері туған жағдайда, Келісуші Жақтар өзара байланысты жеңілдету арқылы және қауіпсіз түрде жою мақсатында басқадай тиісті шаралар қолдану арқылы бір-біріне көмектесіп отырады.

6. Егер осы бапта көрсетілген авиация қауіпсіздігі туралы қағидаларды Келісуші Жақтардың бірі орындамайтындай болса, онда екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары екінші Келісуші Жақтың билік орындарынан жедел Кеңес өткізілуін талап ете алады.

1 1 - б а п

Тарифтер

1. Келісуші Жақтардың кез келген бірінің мемлекет аумағына немесе аумағынан тасымалдау жасау үшін алынатын тарифтер барлық тиісті факторларды еске ала отырып, пайдалану шығындарын, орынды пайданы, әуе жолының сипаттамаларын және тұтынушылар мүдделерін қоса санағанда, лайықты мөлшерде белгіленуі тиісті.

2. Осы баптың 1-тармағында айтылған тарифтер екі Келісуші Жақтардың тағайындаған авиакәсіпорындарымен келісілетін болады.

3. Осы баптың 2-тармағында айтылған келісулер мүмкіндігінше әуе көлігінің халықаралық ассоциациясында кесімді жалақыны пайдалану арқылы жүзеге асатын болады.

4. Осылайша келісілген тарифтер екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының бекітуіне болжанған іске ендіру уақытынан кем дегенде отыз (30) күн бұрын ұсынылады; кейбір жағдайларда бұл мерзім ескертілген авиациялық билік орындарының өзара келісілуімен қысқартылуы мүмкін.

5. Егер осы баптың 4-тармағында ескертілген отыз күндік (30) мерзімнің ішіндегі он бес (15) күннің ішінде Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының ешқайсысы осы тарифтермен келіспейтіндігі туралы мәлімдемесе, онда тарифтер бекітілген болып есептеледі.

6. Егер тағайындалған авиакәсіпорындар осы тарифтердің қандай болса да бірін бекіту мәселесі бойынша келісе алмаса, немесе қандай болса да бір басқадай себептермен осы баптың 2-тармағына сәйкес тарифтер белгіленбесе, немесе осы баптың 4-тармағына сәйкес, отыз (30) күндік мерзімнің алғашқы он бес (15) күннің ішінде Келісуші Жақтардың бірінің авиациялық билік орындары екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарына осы баптың 2-тармағына сәйкес келісілген тарифтердің бірімен Келіспейтіндігі туралы хабарласа, онда екі Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындары осы тарифтер бойынша өзара келісімге келуге тырысатын болады.

7. Егер авиациялық билік орындары осы баптың 4-тармағына сәйкес өздеріне ұсынылған қандай болса да бір тарифті бекіту мәселесі бойынша уағдаластыққа қол жеткізе алмаса, немесе қандай болса да тарифті 5-тармаққа сәйкес анықтай алмаса, онда дау-дамайлар осы Келісімнің 18-бабындағы қағидаларға сәйкес шешілетін болады.

8. Осы баптың қағидаларына сәйкес белгіленген тарифтер баптағы қағидалармен үйлестірілген жаңа тарифтер белгіленгенге дейін өз күштерінде қалады, дегенмен ол тарифтермен Келісуші Жақтардың бірі келіспейтіндігін мәлімдеген күннен бастап бұрынғы тарифтер он екі (12) айдан артық күшін сақтай алмайды.

9. Әрбір Келісуші Жақтың авиациялық билік орындары өздерімен бекітілген тарифтерді тағайындалған авиакәсіпорындардың қолданылуын және ешбір авиакәсіпорындардың тікелей немесе жанамалай түрде әлдеқалай жолдармен бұл тарифтерді ешқандай дәрежеде заңсыз төмендетіп қолдануын болдырмау үшін барлық күш-жігерін салатын болады.

1 2 - б а п

Табыстарды аудару

1. Әрбір Келісуші Жақ өз мемлекеттерінің аумағында екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнына жолаушыларды, багажды, пошта мен жүктерді тасымалдау кезінде сол екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнына түсетін табыс пен шығыстың айырмалық сомасын ресми ақша алмастыру курсы бойынша еркін конверсияланатын валютамен өз еліне аударып отыруына еркіндік құқын береді. Сұраныс түскен күннен кейін тез арада, әрі кеткенде алпыс (60) күннен аспай, ақша аударымы жасалатын болады.

2. Егер Келісуші Жақтар арасында арнайы төлемдік келісім болса, онда ақша аударымы осы Келісімнің ережелеріне сәйкес жүзеге асатын болады.

1 3 - б а п

Коммерциялық қызмет

1. Әрбір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорны, екінші Келісуші Жақ мемлекетінің заңдары мен ережелеріне сәйкес, сол Жақ мемлекетінің аумағында қажетті әкімшілік, техникалық және коммерциялық персоналдары бар өзінің өкілдігін ашуға тең дәрежеде мүмкіндік алатын болады.

2. Әрбір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорны бұдан былай екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында тасымалдау үшін қажетті құжаттардың барлық түрін шығаруда, сондай-ақ, жарнамалық материалдарды шығаруда және авиабилеттерді сатуға жәрдемдесуде тең дәрежеде мүмкіндік алатын болады.

1 4 - б а п

Алымдар ставкалары

Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнынан көрсетілген қызметтер үшін алынатын немесе бірінші Келісуші Жақтағы құзырлы органдардың жинап алуына рұқсат етілген алымдардың мөлшері (ставкасы) әділ және ақылға сиятындай болуын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салатын болады. Ол алымдар экономикалық дұрыс принциптерге негізделетін болады.

1 5 - б а п

Ұшу кестелерін ұсыну

1. Келісілген әуе жолдарындағы ұшу кестелері екі Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарының бекітуіне оларды енгізудің болжамды күнінен кем дегенде отыз (30) күннен кешіктірмей ұсынылатын болады. Айрықша жағдайларда бұл мерзім ескертілген билік орындарының келісімімен қысқартылуы мүмкін.

2. Қосымша ұшуларды орындауға рұқсат алу сұраныстары тағайындалған авиакәсіпорындармен екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарына тікелей тапсырылуы мүмкін.

1 6 - б а п

Салықтар салу

1. Пәрменді кәсіпорын басқармасы орналасқан Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында ғана келісілген әуе жолдарында әуе кемесін пайдаланғаннан түскен

табыстар мен пайдаға салықтар салынатын болады.

2. Пәрменді кәсіпорын басқармасы орналасқан Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында ғана келісілген әуе жолдарын пайдаланушы әуе кемесімен, осындай кемені пайдалануға қатысы бар қозғалмалы мүлікпен тапсырылған капиталға салықтар салынатын болады.

3. Егер Келісуші Жақтардың арасында кіріс салығына және капитал салығына қатысты қосарлы салық салуды болдырмауға қарсы арнайы келісімдер бар болса, онда оның Қағидалары үстем болатын болады.

1 7 - б а п

Кеңесулер мен өзгерістер

1. Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарының арасында осы Келісім қағидаларын орындауға қатысты барлық мәселелер бойынша оқтын-оқтын тығыз ынтымақтастық рухта кеңесулер өткізіліп отыратын болады. Ондай кеңесулер, егер Келісуші жақтардың екеуі де мерзімді ұзартуға келіспесе, сұраныс түскен кейінгі алпыс (60) күннің ішінде өткізілуі тиіс.

2. Егер Келісуші Жақтың біреуі осы Келісімнің қағидаларын өзгертуді дұрыс дейтін болса, онда ол екінші Келісуші жақтан кеңес өткізілуін сұрай алады. Осылайша келісілген өзгерістер әрбір Келісуші Жақтың конституциялық іс жосығына сәйкес бекітілетін болады.

3. Қосымшаға енетін өзгертулер Келісуші Жақтардың тиісті авиациялық билік орындарының келісімімен енгізілетін болады және жедел түрде күшіне кіреді.

1 8 - б а п

Дау-дамайларды реттеу

1. Келісуші Жақтардың арасында осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындаған кез келген дау-дамай әуелі тікелей келіссөздер арқылы шешілетін болады.

2. Егер Келісуші Жақтар келіссөздер үстінде өзара келісімге жете алмаса, бұл дауды шешуді олар басқадай бір құзырлы тұлғаға немесе ұйымға берулері мүмкін; егер бұған келіспесе, Келісуші Жақтардың бірінің өтініші бойынша, онда дау-дамай Төрелік соттың қарауына тапсырылады, ол үшін Келісуші Жақтардың әрқайсысы өздерінен бір-бірден төреші сайлайды. Төрелік соттың төрағалық міндеті жүктелетін үшінші төрешіні бұрын тағайындалған екі төреші анықтайды. Жақтар өзінің төрешісін төрешілік жолымен дау-дамай шешілетін ұсыныс туралы хабарламаны дипломатиялық арналар бойынша алған күннен кейінгі алпыс (60) күннің ішінде тағайындайды. Төрелік соттың төрағасы келесі алпыс (60) күн ішінде тағайындалуы тиіс. Егер белгіленген мерзім ішінде Келісуші Жақтардың біреуі төрешісін тағайындай алмаса немесе осы мерзімде Төрелік соттың үшінші төрешісі тағайындалмаса, онда Келісуші Жақтар төрешіні және (немесе) Төрелік соттың төрағасын тағайындау туралы өтінішін Халықаралық азаматтық авиация Ұйымы Кеңесінің Төрағасына жолдайды. Барлық

жағдайда үшінші арбитр басқадай бір үшінші мемлекеттің азаматы болуы тиісті.

3. Келісуші Жақтар осы баптың 2-тармағына сәйкес қабылданған шешімдерді орындауға міндеттенеді.

4. Егер де Келісуші Жақтардың қайсыбірі Төрелік соттың қабылдаған шешімдерін орындамайтын болса, онда екінші Келісуші Жақ осы Келісімге орай екінші Келісуші Жаққа берген құқықтары мен жеңілдіктерін шектеуге, уақытша тоқтатуға немесе түгелдей жоюға мүмкіндік алады.

5. Келісуші Жақтардың әрқайсысы тағайындаған төрешісінің жұмысына байланысты шығынды өзі төлеуге тиісті. Төрелік сот Төрағасының қаламақысы мен шығындарын, сондай-ақ Төрелік соттың жұмысына қатысты шығындарды екі Келісуші Жақ бірдей бөліп төлейді.

1 9 - б а п

Келісім күшінің бітуі

1. Кез келген Келісуші Жақ кез келген уақытта дипломатиялық арналар арқылы екінші Келісуші Жаққа осы Келісімнің күшін жою туралы ниетін мәлімдейді, мұндай мәлімдеме-хат жедел түрде Халықаралық азаматтық авиация Ұйымының Кеңесіне жіберілетін болады.

2. Бұл жағдайда, егер осы мәлімдеме-хат төмендегі мерзімнің ішінде екі-жақты келісілген түрде кері қайтарылып алынбаса, онда бұл Келісім осындай мәлімдеме-хатты екінші Келісуші Жақ алған күннен бастап он екі (12) ай өткеннен кейін өз күшін тоқтатады. Мәлімдеме-хатты екінші Келісуші Жақтың алғандығы туралы растау-құжат болмаса, онда сол мәлімдеме-хат Халықаралық азаматтық авиация Ұйымына түскеннен кейінгі он төрт (14) күннің ішінде оны екінші Келісуші Жақ алды деп саналатын болады.

2 0 - б а п

Тіркеу

Осы Келісім мен оған кейін енгізілген кез келген өзгертулер Халықаралық азаматтық авиация Ұйымының Кеңесінде тіркелетін болады.

2 1 - б а п

Күшіне кіруі

Осы Келісім Келісуші Жақтардың екеуінің дипломатиялық арналары бойынша олардың мемлекет ішіндегі заңдарымен ережелердің тиісті талаптарын өздерімен орындалғаны туралы мәлімдеме алған мезеттен бастап күшіне енеді.

Өздерінің тиісті Үкіметтерінен нақты үлгімен уәкілденген төмендегілер аталмыш нәрселерді растай отырып, осы Келісімге қол қойды.

1995 жылғы 9 наурызда Алматы қаласында 2 түпнұсқа дана болып, қазақ, венгр, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды. Тексті түсіндіруде айырмашылық туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі тексті үстемдік алады.

(Қолдары)

Қ о с ы м ш а

Маршруттар кестесі

1. Қазақстан Республикасының тағайындаған авиакәсіпорны жүйеленген әуе қатынасын мына маршруттар бойынша пайдалануға құқықты:

Қазақстандағы пункттер	Аралық пункттер	Венгриядағы пункттер	Тысқарыдағы пункттер және керісінше
Алматы	кейін	Будапешт	кейін келісілетін
	келісілетін		болады
	б о л а д ы		

2. Венгрия Республикасы тағайындаған авиакәсіпорны жүйеленген әуе қатынасын мына маршруттар бойынша пайдалануға құқықты:

Венгриядағы пункттер	Аралық пункттер	Қазақстандағы пункттер	Тысқарыдағы пункттер және керісінше
Будапешт	кейін	Алматы	кейін келісілетін
	келісілетін		болады
	б о л а д ы		

3. Әрбір тағайындалған авиакәсіпорынның ықыласымен белгіленген маршруттың барлық пункттері немесе кез келгені ұшудағы барлық маршруттарда немесе кез келген учаскесінде алып тасталуы мүмкін.

4. Кез келген аралық пункттер мен/немесе тысқары жатқан пункттерде бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнының екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында және осы пункттер арасында ұшу жұмысын атқаруына Бесінші еркіндік берілмейтін болып қызмет көрсетіледі. Дегенмен, ұшуларды орындауға осындай Бесінші еркіндік беру құқығы бір Келісуші Жақтың тағайындаған авиакәсіпорнымен екінші Келісуші Жақтың авиациялық билік орындарынан алдын ала келісіліп алған соң ғана та п с ы р ы л у ы м ү м к і н .

5. Астанадан басқа пункттер үшін тағайындалған авиакәсіпорындардың әуе қатынастары Келісуші Жақтардың авиациялық билік орындарымен келісілуі мүмкін.